

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық
департаментіндегі республикалық бюджетті орындаудың бухгалтерлік есебі
жөніндегі Нұсқаулық**

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаменті 1998 жылғы 27 қаңтар N 31 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 19 мамырда тіркелді. Тіркеу N 487. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы N 495 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009.11.16 N 495 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Қазынашылық департаментінде республикалық
бюджетті орындаудың бухгалтерлік есебі жөніндегі Нұсқаулықты
б е к і т у т у р а л ы

1. Осы бұйрыққа қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіндегі республикалық бюджетті орындаудың бухгалтерлік есебі жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін. 2. СССР Қаржы министрлігінің 1978 жылғы 1 наурыздағы N 18 одақтас республикалардың Қаржы министрліктерінде одақтас республикалардың Республикалық бюджеттерін орындаудың бухгалтерлік есебі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы бұйрығы күшін жойды деп есептелсін. Департаменттің директоры 1. Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру Жалпы ережелер

1.1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қазандағы N 1466 Р971466_ "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" қаулысына сәйкес республикалық бюджеттің орындалуы туралы бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті жүргізеді.

1.2. Республикалық бюджеттің кассалық орындалуын Қазақстан Республикасының республикалық және жергілікті бюджеттерін кассалық орындау туралы нұсқаулығына сәйкес Қазынашылықтың аумақтық органдары жүзеге асырады.

1.3. Облыстық (Алматы қалалық) қазынашылық басқармалары Қазынашылық департаментіне республикалық бюджеттің кассалық орындалуы туралы мезгілдік

және жылдық есептеме және жергілікті бюджеттердің кассалық орындалуы туралы ақпарат беріп отырады.

1.4. Республикалық бюджетті орындаудың бухгалтерлік есебін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын, Бухгалтерлік есеп және есеп беру басқармасы жүзеге асырады. Бухгалтерлік есеп және есеп беру басқармасына басқарма бастығы жетекшілік етеді, ол өз жұмысында Қазақстан Республикасының Заңдарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 қазандағы N 1466 "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері" Қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті туралы Ережені, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің бұйрықтарын, нұсқаулықтарын және ұйымдық-өкімдік құжаттарын басшылыққа алады.

Бухгалтерлік есеп және есеп беру басқармасы өзінің функциялары мен міндеттерін орындау мақсатында:

- басқарманың функцияларын орындау үшін қажетті құжаттар мен қорытындыларды басқа құрылымдық бөлімшелерден алады;
- қолданылып жүрген заңдарға және нормативтік құжаттарға қайшы келетін құжаттарды орындауға қабылдамайды;
- Құжаттарды дұрыс рәсімдеу жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің тиісті құрылымдық бөлімшелеріне нұсқаулар береді;
- қажет болса, бухгалтерлік есеп жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді.

1.5. Қазынашылық департаментінің Бухгалтерлік есеп және есеп беру басқармасы:

- Қазынашылықтың Бірыңғай қазынашылық шотында және басқа шоттарда ақшалай қаржылардың есептік операцияларын жүргізеді;
- республикалық және жергілікті бюджеттер арасында өзара есеп айырысулар жүргізеді;
- республикалық бюджеттің орындалуы туралы есептерді жинақтаумен, өңдеумен және қорытындылаумен шұғылданады, оларды белгіленген мерзімдерде және бекітілген үлгілерде жасайды;
- Бірыңғай Қазынашылық шоттағы республикалық бюджеттің ақшалай қаржылары қалдықтарының жәй-күйі туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаменті басшылығына ақпарат береді.

Бухгалтерлік есептің құжаттары

1.6. Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің орындалуы жөніндегі барлық есептелетін операциялар осы нұсқаулықта белгіленген құжаттармен рәсімделуге тиіс. Республикалық бюджеттің орындалуы жөніндегі бухгалтерлік құжаттарға Бухгалтерлік есеп және есеп беру басқармасының бастығы қол қояды. Республикалық бюджеттің орындалуы жөніндегі операциялардың бухгалтерлік жазбалары үшін дұрыс рәсімделген мынадай құжаттар негіз болады: - қазынашылық рұқсат (N 1-үлгі); - министрліктің рұқсаты (N 17-үлгі); - төмен тұрған бюджеттік қаржыларды басқарушының рұқсаты (N 2-а үлгісі); - министраралық (ведомствоаралық) рұқсат (N 2-б үлгісі); - өзара есептер жөніндегі хабарлама (N 11-үлгі); - төлем аманаттары (N 873-үлгі); - бюджеттің кірістері мен шығыстарының шоттары бойынша, оларға тиісті құжаттарды қоса, банк көшірмесі.

1.7. Бухгалтерлік құжаттарда жазбалар ұзақ уақыт ішінде олардағы жазулардың сақталуын қамтамасыз ететіндей құралдармен жүргізілуі тиіс.

Бухгалтерлік құжаттарда кірлетуге және тазартуға, сондай-ақ белгіленген тәртіпте айтылмаған түзетулерге жол берілмейді. Бұл талаптарға сай келмейтін құжаттар жарамсыз деп саналады.

1.8. Бухгалтерлік есеп және есеп беру басқармасына келіп түскен құжаттар үлгісі бойынша да (барлық деректер мен колдардың болуы), мазмұны бойынша да (операциялардың заңдылығы, арифметикалық есептердің дұрыстығы және с.с.), мұқият тексеруден өткізіледі, содан соң орындауға және есептеуге қабылданады. Есепке қабылданған құжаттар бір күннің ішінде, бірақ құжаттар алынған соң келесі күннен кешіктірмей, операциялар бойынша жалпы мемориалдық ордермен рәсімделеді және бухгалтерлік есеп бөлімі бастығының қолымен бекітіледі.

Мемориалдық ордерлер есеп тізімдемелеріне жазылғанға дейін - бірінші нөмірден бастап әрбір ай үшін бөлек рет тәртібімен нөмірленеді.

Бухгалтерлік есеп тізімдемелері

1.9. Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің орындалуы жөніндегі операциялардың бухгалтерлік есебі компьютерлік техниканы қолдана отырып, мынадай тізімдемелерде жүргізіледі: - "Бас журнал" кітабы (N 1-үлгі); - жергілікті бюджеттермен өзара есеп айырысу туралы анықтама (N 17-үлгі); - бюджеттік сыныптамалардың кодтары бойынша рұқсаттар мен шығыстар қозғалысының ведомосты (N 44-а үлгісі); - қарыз ақша бойынша анықтама (N 18-үлгі); - Қазынашылықтың Бірыңғай шотының кірістер (N 19ЕКС) мен шығыстар (N 20ЕКС) бойынша талдамасы; - төмен тұрған бюджеттермен есеп айырысу

жөніндегі айналыс ведомосты (N 21-үлгі);

- өзара есеп айырысулар жөнінде жүргізілген, Республикалық бюджеттің кірістері мен шығыстары туралы жиынтық деректер (N 22-үлгі);

- субвенциялар мен трансферттер бойынша қозғалыс туралы анықтама (N 23-үлгі) ;

- кірістердің бюджетке түсуінің ай сайынғы ведомосты (N 042-үлгі);

- кірістердің бюджетке түсуінің ай сайынғы ведомосты (N 042 Z-үлгі);

- Республикалық бюджеттің шығыстары бойынша ай сайынғы ведомость (N 052 - үлгі) ;

- Республикалық бюджеттің шығыстары бойынша ай сайынғы әзірлеу ведомосты (N 052 P - үлгі) .

- Депозиттерге жасалатын салымдар үшін тартылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінің уақытша бос қаражатының есеп кітабы (10 - қосымша) ;

- Қазақстан Республикасының банктерінің салымдарында орналасқан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінің уақытша бос қаражатының есеп кітабы (11-қосымша).

- Мемлекеттік қарыз алу қаражаттарын есепке алу кітабы (12-Қосымша).

ЕСКЕРТУ. 1.9.-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық

департаментінің 1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен.

ЕСКЕРТУ. 1.9.-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық

департаментінің 1998.08.11. N 372 V980596_ бұйрығымен.

1.10. Есептің алдағы жылға арналған тізімдемесі ағымдағы жылдың 31 желтоқсанынан кешіктірмей дайындалуға тиіс.

1.11. Операцияларды "Бас журнал" кітабына жазу мемориалдық ордерлердің және оларға қосымша құжаттардың негізінде жүргізіледі.

1.12. Қосалқы шоттар бойынша бухгалтерлік жазбалардың дұрыстығын бақылау үшін әрбір айдың аяғында айналыс ведомосты жасалады.

Айналыстың дебет пен кредит бойынша қорытындылары және айналыс ведомостарында көрсетілген қалдықта айналыстардың қорытындыларымен және "Бас журнал" кітабының қалдықтарымен салыстырылады.

Бухгалтерлік балансты жасау үшін "Бас журнал" кітабында және айналыс ведомостарында шығарылған қалдықтардың сомасы негіз болады.

1.13. Бюджеттің ағымдағы жылы орындалуының бухгалтерлік есеп жазбаларында байқалған қателерді түзету мынадай тәртіппен жүргізіледі:

а) бухгалтерлік балансты тапсыру сәтіне дейін осы есепті кезеңде байқалған,

мемориалдық ордердің өзгертілуін талап етпейтін қателер, дұрыс емес сомаларды жіңішке сызықпен, сызылып қалған және сызықтың үстінен жазылған жазулар, қажет болған жағдайларда жаңа дұрыс сомалар мен мәтін оқылатындай етіп, сызу жолымен түзетіледі. Әрбір түзету бухгалтерлік есеп бөлімі бастығының қолымен расталады;

б) бухгалтерлік балансты тапсыру сәтіне дейін байқалған, мемориалдық ордердегі қатеден туындаған қате жазу, оның сипатына байланысты, қосымша мемориалдық ордермен, немесе "Қызыл белгі" тәсілі бойынша түзетіледі. Қателер баланс тапсырып қойылған есепті жылдың бухгалтерлік есебі жазбаларынан байқалған барлық жағдайларда осылай түзетіледі.

Қателер "Қызыл белгі" тәсілімен түзетілген жағдайда мынадай бухгалтерлік жазбалар жүргізіледі: қатесі бар жазу қызыл сиямен қайталанады. Қорытындылар есептелген қызыл сиямен жазылған сомалар қара сиямен жазылған сомалардан шығарып тасталады.

Қателерді түзету жөніндегі қосымша бухгалтерлік жазбалар, сондай-ақ "Қызыл белгі" тәсілімен жасалған түзетулер мемориалдық ордерлермен рәсімделеді, оларда әдеттегі деректерден тыс, аталған мемориалдық ордермен түзетілетін мемориалдық ордердің нөмірі мен уақытына сілтеме жасалады.

1.14. Есепті жыл аяқталғанда, қорытынды балансты жасаудың алдында бухгалтерлік есептің тіркемелерінде қосалқы шоттар бойынша айналыстардың қорытындылары есептеледі және салыстырылады.

Алшақтықтар байқалған жағдайда, қорытынды балансты жасаудың алдында есепті жылдың тізімдемесіне (бухгалтерлік түзету жазбалары жолымен) түзетулер енгізіледі.

Есеп тіркемелері мен бухгалтерлік есептің
құжаттарын сақтау

1.15. Әрбір есепті ай аяқталғанда барлық мемориалдық ордерлер, оған қатысты құжаттармен бірге, олардың реттік нөмірлері тәртібімен іріктеліп, жинақталуға тиіс. Құжаттардың саны жинақтауға жетпесе, оларды үш ай бойы бір папкіге жинауға болады.

1.16. Бухгалтерлік құжаттар жабылатын шкафтарда, қатаң тәртіппен, Басқарма бастығының немесе ол тағайындаған тұлғаның жауапкершілігінде сақталуы керек. Ағымдағы жыл бойындағы құжаттар мен тіркемелер өткен жылдың құжаттарынан бөлек сақталуға тиіс. Бухгалтерлік құжаттардың, тіркемелердің, есептердің сақталу мерзімдері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің істері номенклатурасымен белгіленеді. 1.17. Бухгалтерлік құжаттардың, есеп тіркемелерінің және с.с. белгілі бір себептермен жоғалуын

02	Шығыстар						
020	Бюджеттің шығыстары						
021	Республикалық бюджеттің шығыстарына						
	уақытша жатқызылған сомалар						
023	Сыртқы қарыздар есебінен						
	қаржыландырылатын жобалар бойынша						
	шығыстар						
025	Өзара есептемелер бойынша						
	Республикалық бюджеттің шығыстары						
04	Кірістер						
040	Республикалық бюджеттің кірістері						
043	Қаржыландырылатын жобалар бойынша						
	сыртқы қарыздардан алынатын кірістер						
045	Өзара есептемелер бойынша						
	Республикалық бюджеттің кірістері						
047	Республикалық бюджетке жатпайтын,						
	республикалық бюджеттен тыс белгілі						
	мақсатқа арналған кірістер						
048	Республикалық бюджеттің валюталық,						
	бюджеттен тыс (транзиттік)						
	шоттардағы кірістерінің қалдықтары						
05	Бюджеттік несиелер (қарыздар) және қаражаттарды мемлекеттік қарыз алу						
051	Республикалық бюджеттен берілген,						
	қысқа мерзімді қарыз ақшалар						
053	Қаражаттарды мемлекеттік қарыз алу						
06	Есеп айырысу						
062	Жергілікті бюджеттермен өзара есеп айырысу						
07	Беріп жіберілген және алынған қаржылар						
072	Жергілікті бюджеттерден беріп жіберілген және алынған қаржылар						
09	Нәтижелері						
090	Республикалық бюджеттің орындалу нәтижелері						

		Баланстан тысқары шоттар		
				131 Өзара борышты өтеу туралы келісімдерге сай, жүргізілген есептемелер бойынша шығыстар үшін ашылған лимиттер
				132 Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы борышы
				133 Ұлттық банктің бюджет тапшылығына арналған несиесі
				134 Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті арқылы төленетін шығыстар үшін ашылған лимиттер
				135 Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі борышы
				136 "Үкіметтік резерв"
				137 Субъектілердің бюджеттік қарыз ақылар бойынша Республикалық бюджетке берешегі
				138 Республикалық бюджеттің Москва қаласының "Менатеп" банкіндегі кепілдік депозиті
				139 Республикалық бюджеттің есебіндегі несиелер (қайтарым негізінде берілген бюджеттік қаржылар)
				140 Қазақстан Республикасының Үкіметіне Ресей Федерациясы берген несие
				28 Қорлар
				280 Депозиттерге жасалатын салымдар үшін Тартылған және орналастырыл. ған Мемлекеттік бюджет қаражат. тарының қоры.
				Баланстан 141 Мемлекеттік бағалы қағаздармен тысқары шот қамтамасыз етілген салыммен берілген банктердің борыштық мін. деттемелері (кепілдіктер).
				142 Бос айырбасталымды валютамен қам. тамасыз етілген салыммен берілген банктердің борыштық міндеттемеле. рі (кепілдіктер).

ЕСКЕРТУ. 05 шотының өзгертілді және толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.08.11. N 372 V980596_ бұйрығымен. "Ақшалай қаржылар" N 01 шоты "Банктік салымдарға орналастыру үшін тартылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінің уақытша бос

қаражаттары" N 008 қосалқы шот

2.2. N 008 қосалқы шотта Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің шетел валютасы түріндегі Бірыңғай қазынашылық шотынан, корреспонденттік шотынан және ұлттық валюта түріндегі облыстық (Алматы қалалық) қазынашылық басқармасының корреспонденттік шотынан банктік салымдарға орналастыру үшін жұмылдырылған уақытша бос қаражаттар есепке алынады.

Осы қосалқы шотқа мыналар есептеледі:

- салымдарға орналастыру үшін Бірыңғай қазынашылық шоттан түскен республикалық бюджеттің уақытша бос қаражаттары;

- оларды банктік салымдарға бұдан әрі орналастыру үшін облыстық (Алматы қалалық) қазынашылық басқармасынан түскен уақытша бос қаражаттар;

банктік салымдарға орналасқан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бюджетінің уақытша бос қаражаттарын Қазақстан Республикасы банктерінің қайтаруы.

Осы қосалқы шоттан мыналар жүргізіледі:

- Мемлекеттік бюджеттің уақытша бос қаражаттарын депозиттерге орналастыру үшін Қазақстан Республикасының банктеріне аудару;

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің салым сомаларын Бірыңғай қазынашылық шотқа қайтару;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің салым сомаларын облыстық (Алматы қалалық) қазынашылық басқармаларының коршотына қайтару.

ЕСКЕРТУ. 2 бөлім жаңа 2.2.-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.05.28.

N 254 V980084_ бұйрығымен.

"Банктік салымдарға орналастырылған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бюджетінің уақытша бос қаражаттары" N 009 қосалқы шоты

2.3. Бұл қосалқы шотта банктік салымдарға орналастырылған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бюджетінің уақытша бос қаражаттары есепке алынады. N 009 қосалқы шот бойынша Қазақстан Республикасының банктерінің салымдарына орналасқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бюджетінің уақытша бос қаражаттары есепке алынады. Бұл қосалқы шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне Қазақстан Республикасы банктерінің салым сомаларын қайтаруы есепке алынады. ЕСКЕРТУ. 2 бөлім жаңа 2.3.-тармақпен толықтырылды - ҚР

Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен. "Республикалық бюджеттің ақшалай қаржылары" N 010 қосалқы шоты 2.4. N 010 қосалқы шотында Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің қаржылары есептеледі. Бұл қосалқы шотқа мыналар қосылады: республикалық бюджеттің қазынашылық органдарына түскен ай сайынғы кірістер; бюджеттер арасындағы қысқа мерзімді қарыз ақшалар және өзара есептер бойынша борыштарды өтеуге түскен түсімдер; жергілікті бюджеттер кірістерінің артық түсімдері; республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін үкіметтік қарыз алу. Бұл қосалқы шоттан мыналар жүргізіледі: республикалық бюджеттің кассалық шығыстарын есептен шығару; республикалық бюджеттің шығыстарына уақытша жатқызылған қаржыларды есептен шығару; бюджеттер арасында қаржыларды өзара есеп айырысу бойынша аудару; банктердің сомаларды ұзақ мерзімді қарыз ақшалар, олар жөніндегі сыйақылар (мүдделер) бойынша борышты өтеуге, сондай-ақ мерзімі өткен төлемдер үшін сомаларды аударуы; жергілікті бюджеттер берген қысқа мерзімді қарыз ақшаларды аудару; бюджетке артық аударылған қаржыларды қайтару. мемлекеттік қарыз алу сомасын өтеу. ЕСКЕРТУ. 2.2.-тармақ 2.4.-тармақ болып саналды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен. ЕСКЕРТУ. 2.1.-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.08.11. N 372 V980596_ бұйрығымен. "Банктік салымдарға орналастыру үшін Бірыңғай қазынашылық шоттан тартылған республикалық бюджеттің уақытша бос қаражаттары" N 011 қосалқы шоты 2.5. N 11 қосалқы шотта банктік салымдарға орналастыру үшін Бірыңғай қазынашылық шоттан тартылған республикалық бюджеттің уақытша бос қаражаттары. Бұл қосалқы шоттың дебеті бойынша Бірыңғай қазынашылық шоттан уақытша бос қаражаттардың түсуі есепке алынады. Кредит бойынша - уақытша тартылған ақшаларды Бірыңғай қазынашылық шотқа қалпына келтіру. ЕСКЕРТУ. 2 бөлім жаңа 2.5.-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен. "Бюджеттің өзара борыштар туралы келісімдер жөніндегі қаржылары" N 012 қ о с а л қ ы ш о т ы

2.6. "Бюджеттің өзара борыштар туралы келісімдер жөніндегі қаржылары" N 012 қосалқы шотында бюджеттік ұйымдардың берермен ұйымдар алдындағы борыштарын Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сай соңғылардың республикалық бюджетке төлемдері жөніндегі берешектерін жабу есебінен жүргізілетін есептемелер жазылады.

N 012 қосалқы шотының дебеті бойынша бюджеттік сыныптамаға сәйкес бюджетке төленетін төлемдер бойынша, кірістердің түрлері бойынша есептемеге қабылданатын сомалар есептеледі, "Бюджеттің өзара есеп айырысу бойынша

кірістері" N 045 қосалқы шоты кредиттеледі. Бұл қосалқы шоттың кредитіне бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың борыштарын өтеу жөніндегі есептемеге қабылданатын сомалар жазылады, олар "Бюджеттің өзара есеп айырысу бойынша кірістері" N 025 қосалқы шотының дебеті бойынша к ө р с е т і л е д і .

"Қазақстан Республикасы республикалық бюджетінің
валюталық шоттарда қалған, сатып алынған валютасы"
N 014 қосалқы шоты

2.7. N 014 қосалқы шотында Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіндегі немесе өкілетті банктегі, шетелдік іссапарлар үшін төлеуге немесе сыртқы қарыздарды төлеуге қажетті, сатып алынған шетелдік валюта есептеледі.

Бұл қосалқы шоттың дебетіне айдың бірі күнгі валюталық шоттардағы қалдықтар, "Республикалық бюджеттің шығыстарына уақытша жатқызылған сомалар" қосалқы шотының N 021 кредиті жазылады. Қосалқы шоттың N 021 кредиті шоттардың жылдық қорытындысы бойынша шетелдік валюталар сатып алынған бюджеттік сыныптаманың тиісті бағдарламасы, ішкі бағдарламасы бойынша кассалық шығыстарды кемітуге арналған "Республикалық бюджеттің шығыстары" қосалқы шотының 020 дебетіне жатқызылады.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі
Бірыңғай Қазынашылық шот" N 015 қосалқы шоты

2.8. Бұл қосалқы шотта Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі республикалық бюджет кірістері мен шығыстарының облыстық (Алматы қалалық) Қазынашылық басқармаларының басшыларымен және бас бухгалтерлерімен қол қойған электрондық төлем аманаттары, сондай-ақ республикалық бюджет ақша қаражаттары қалдықтарының есебі негізінде орталықтанған күнделікті есебін жүргізеді. Бірыңғай Қазынашылық шотқа (БҚШ) қызмет көрсету тәртібі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасындағы жасалған келісіммен а й қ ы н д а л а д ы .

"Сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын
жобалар бойынша ақша қаражаттарының қалдықтары"
N 016 қосалқы шоты

2.9. Бұл қосалқы шотта мемлекеттік сыртқы қарыздар есебінен

инвестициялық жобалар мен бағдарламаларға арналған қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды ескеріледі.

Бұл қосалқы шоттың дебетіне N 43 қосалқы шот кредитінің кредиторынан түскен сома жазылады. Бұл қосалқы шот кредиті бойынша инвестициялық жобаларға арналған мемлекетті сыртқы қарыздардың қаражаттарын жұмсау, мемлекетті сыртқы қарыздардың негізгі сомаларын өтеу және N 023 қосалқы шот дебеттелетін, мемлекетті сыртқы қарыздар бойынша сыйақыларды (мүдделерді) мен комиссиялық алымдарды төлеу ескеріледі.

"Республикалық бюджетке жатпайтын, республикалық бюджеттен тыс нысаналы мақсатқа арналған ақша қаражаттары" N 017 қосалқы шоты

2.10. Бұл қосалқы шотта нысаналы мақсатқа арналған, бірақ республикалық бюджеттің кірісі мен шығысына жатпайтын ақша қаражаттары ескеріледі. Бұл қосалқы шоттың дебетіне "Республикалық бюджетке жатпайтын кірістер" N 047 қосалқы шоты кредитіне қаражаттар жазылады.

Нысаналы мақсатқа арналған қаражаттарды аудару кезінде: N 047 қосалқы шот дебеті, N 017 қосалқы шот кредиті деген бухгалтерлік жазба жазылады.

"Республика бюджетіндегі, бюджеттен тыс шоттардағы (транзиттік) республика бюджетіне аударылмаған валюталық ақша қаражаттарының қалдықтары" N 018 қосалқы шоты

2.11. Бұл қосалқы шотта республикалық бюджеттің кірісінде көрініс таппаған республикалық бюджеттің ақша қаражаттары ескеріледі.

Бұл шоттың дебетіне айдың 1-күніне кірістерден түскен және республикалық бюджетке түспеген ақша қаражаттарының қалдықтары жазылады. Қосалқы шот "Республика бюджетіндегі, бюджеттен тыс шоттардағы (транзиттік) республика бюджетіне аударылмаған валюталық ақша қаражаттарының қалдықтары" N 018 қосалқы шотында кредиттеледі.

"Жол үстіндегі сомалар" N 019 қосалқы шоты

2.12. Бұл қосалқы шотта қаржы органдарының республикалық бюджетке есепті айдың соңында түскен, бірақ республикалық бюджетке одан кейінгі айда түспеген сомалар ескеріледі.

NN 010, 012, 014, 015, 016, 017, 018, 019 қосалқы шоттары бойынша синтетикалық есеп "Бас журнал" кітабында (N 1-үлгінің үлгісі) жүргізіледі.

2.13. Бұл шоттың қосалқы шоттары бойынша Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің кассалық шығыстары және бұл бюджеттің шығыстарына уақытша жатқызылған сомалар ескеріледі.

"Бюджеттің шығыстары" N 020 қосалқы шоты

2.14. N 20 қосалқы шотында республикалық бюджеттің кассалық шығыстары Қазынашылықтың аумақтық органдарының, Қазынашылық департаментінің төлем аманаттарының ай сайынғы есептері негізінде ескеріледі.

Республикалық бюджеттің жасалған кассалық шығыстарының есебі N 120, 181 баланстық шоттарында Қазынашылық органдарында жүргізіледі.

Қазынашылықтың облыстық басқармаларында шығыстардың бақылау шоты және жиынтық транзиттік шот ашылады. Бұл үшін Қазынашылық органдарының аналитикалық есебінде, "Республикалық бюджет шығыстары" N 120 баланстық шотында Бірыңғай Қазынашылық шотына сомасы күн сайын аударылатын "Республикалық бюджет шығыстары" атауымен жеке пассивті бет шоты ашылады. Пассивті бет шоттың қалдығы күн сайын "Республикалық бюджет шығыстары" N 120 баланстық шоты бойынша бюджеттік ұйымдардың барлық активті бет шоттарының сомасына тең болуы керек.

Республикалық бюджеттің шығыстары күн сайын Қазынашылықтың облыстық басқармалары Қазынашылық департаментінің Бірыңғай Қазынашылық ш о т ы н а а у д а р ы л а д ы .

Бюджеттік ұйымдардың бет шоттарындағы шығыстар қалдықтарындағы балансында жыл басынан бергі жасалған шығыстары, ал бақылау шоттарындағы шығыстардың қалдығы - Қазынашылықтың облыстық басқармалары Қазынашылық департаментінің Бірыңғай Қазынашылық шотына аударылған шығыстардың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде к ө р і н і с т а б а д ы .

"Республикалық бюджет шығыстары" N 120 баланстық шотының бет шоты бойынша күн ұзағында жасалған барлық операциялар бір күн ішіндегі және жыл басынан бергі өсіп отыратын жиынымен бюджеттік сыныптаманың барлық кодтары бойынша шығыстары көрсетілетін республикалық бюджеттің шығыстары бойынша күн сайынғы Ведомосында (N 51-с үлгісі) көрініс табады.

Ведомостың деректері аумақтық Қазынашылықтарда 2 данада жасалады. Біріне республикалық бюджет есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдардың бет шоттарынан алынған жазбаларға жапсырылады. Әр күн үшін жасалған кассалық

шығыстардың сомаларына шоттардың ағымдағы жоспарының банктік операциялары бойынша бухгалтерлік жазба жасалады. Ай аяғындағы ведомоста (N 52-с үлгісі) "Республикалық бюджет бойынша барлық шығыстар" жолының сомасы республикалық бюджет шығыстарына уақытша жатқызылған (N 021 қосалқы шот) сомалардың шегерімімен N 02 шоты бойынша осы күнге қалған дебет қалдығына тең болу керек. "Республикалық бюджеттің шығыстарына уақытша жатқызылған сомалар" N 021 қосалқы шоты 2.15. Бұл қосалқы шотта Қазынашылық органдарының республикалық бюджет шығыстарына уақытша жатқызылған және қайтаруға жататын сомалары ескеріледі. "Сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша шығыстар" N 023 қосалқы шоты

2.16. N 023 қосалқы инвестициялық жобалар мен бағдарламаларға бағытталған мемлекеттік сыртқы қарыздардың қаражаттары есебінен жұмсалған шығыстардың, сондай-ақ мемлекеттік сыртқы қарыздардың негізгі сомаларын өтеу бойынша жасалатын операциялардың және сыйақылар (мүдделер) мен мемлекеттік міндеттемелер бойынша комиссиялық алымдарды төлеу сомалары ескеріледі.

"Өзара есеп айырысулар бойынша республикалық шығыстар"
N 025 қосалқы шоты

2.17. N 025 қосалқы шотында республикалық бюджетке жүргізілген есептемелердің сомалары ескеріледі.

Бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың берешектерін өтеу бойынша қабылданатын есептердің сомалары лимиттерді бас таратушысының бюджеттік қаражаттары есебінен қаржыландырушы ретінде ескеріледі және олардың нысаналы мақсат бойынша кассалық шығыстары бюджеттік сыныптамалардың кодтары бойынша осы қосалқы шоттың дебеті бойынша және N 012 қосалқы шот кредиті бойынша көрініс табады.

"Кірістер" N 04 шоты
"Республикалық бюджет кірісі" N 040 қосалқы шоты

2.18. N 040 қосалқы шотында Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің Қазынашылық органдарына түскен кірістері көрініс табады.

Жалпымемлекеттік салықтардың барлық түсімдері "Бюджеттер арасында таратылатын кірістер" N 080 баланстық шотына есептеледі жасалатын банктік операциялар бойынша шоттардың ағымдағы жоспарына республикалық және жергілікті бюджеттер арасында таратуға жатады.

Жалпымемлекеттік салықтарды республикалық және жергілікті бюджеттер

арасында тарату Қазақстан Республикасының тиісті қаржы жылына арналған Республикалық бюджет туралы Заңымен белгіленген нормативтерге сәйкес жүргізіледі.

Таратуды Қазынашылық органдары күн сайын жүзеге асырады. Жалпы мемлекеттік салықтарды тарату кірістердің операция жасалған күн ішінде түскен қаражаттары нәтижесінде орындалады. Таратылған сомалар 080к00 дебетіне және 100к00 республикалық бюджет кірістерінің есебі бойынша шот болып табылатын қаражаттарды алу шотының кредитіне есептеледі.

Қазынашылық органдары "Республикалық бюджет кірісі" 100к98 шотынан қалдықтарды Бірыңғай Қазынашылық шотқа, Ұлттық Банктің облыстық басқармаларындағы корреспонденттік шот арқылы күн сайын аударады.

Республикалық бюджет кірісіне артық түскен сомалар Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нормативтік құжаттарда айтылған тәртіпте есептеледі немесе қайтарылады.

Қайтарылған кірістердің сомаларына N 40 қосалқы шот дебеті бойынша ж а з б а ж а з ы л а д ы .

"Қаржыландырылатын жобалар бойынша сыртқы қарыздардан түсетін түсімдер" N 043 қосалқы шоты

2.19. Бұл қосалқы шотта мемлекеттік сыртқы қарыздардың есебінен қаражаттардың түсімі бойынша жасалған операциялар ескеріледі.

"Өзара есеп айырысулар бойынша Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің кірістері" N 045 қосалқы шоты

2.20. N 045 қосалқы шотында өзара берешектерді өтеу кезінде есептеме жасалған республикалық бюджеттің кірістері ескеріледі.

Бюджетке төлемдер бойынша есепке қабылданатын сомалар бюджеттік сыныптамалардың кірістерінің кодтары бойынша N 045 қосалқы шот кредиті бойынша көрініс табады және N 012 қосалқы шотта дебеттеледі.

"Республикалық бюджетке жатпайтын, республикалық бюджеттен тыс нысаналы мақсатқа арналған түсімдер" N 047 қосалқы шоты

2.21. Бұл қосалқы шотта республикалық бюджет кірісіне жатпайтын және нысаналы мақсатқа арналған түсімдер ескеріледі.

Осы қосалқы шоттың кредитіне N 017 қосалқы шот дебетіне төлеушілерден түскен есептелген сомалар жазылады. N 047 қосалқы шот дебетінде нысаналы

мақсат бойынша аударылған қаражаттар көрініс табады, N 017 қосалқы шот кредиттеледі. "Валюталық, бюджеттен тыс (транзиттік) шоттардағы республикалық бюджет кірістерінің қалдықтары" N 048 қосалқы шоты 2.22. N 048 қосалқы шотында валюталық, депозиттік, бюджеттен тыс (транзиттік) шоттарға оларды республикалық бюджет кірісінде көрсетпей (080 шотында және Бірыңғай Қазынашылық шотында көрсетілмей) тікелей республикалық бюджет кірісінде ескеріледі. "Берілген және алынған қарыз ақшалар" N 05 қосалқы шоты "Республикалық бюджеттен берілген қысқа мерзімді қарыз ақшалар"

2.23. Бұл қосалқы шот республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке белгіленген тәртіпте берілген қысқа мерзімді қарыз ақшалардың есебіне арналған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі уақытша кассалық алшақтықты жабу үшін облыстардың әкімдері мен республикалық маңызды қалалардың әкімдерінің ұсынымдары бойынша жергілікті бюджеттерге республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер (қарыз ақшалар) бере алады.

Оларды берудің тәртібі мен шарты Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекітетін республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу мен орындау тәртібімен айқындалады.

Төменгі тұрған бюджетке берілген сомалар N 051 қосалқы шот дебетіне, қысқа мерзімді қарыз ақшалар бойынша берешектерді жабуға түскен сомалар - осы қосалқы шот кредитіне жатады. "Қаражаттарды мемлекеттік қарыз алу" N 053 қосалқы шоты 2.24. Бұл қосалқы шотта республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін заңды және жеке тұлғалардан қарызға алынған қаражаттар қарастырылады. Мемлекеттік қарыз алу бойынша қаражаттар 053 қосалқы шотының кредитінде көрсетіледі. Мемлекеттік қарыз алу сомасын өтеу 053 қосалқы шотының дебеті бойынша көрсетіледі. ЕСКЕРТУ. Нұсқаулық 2.4.-тармағымен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.08.11. N 372 V980596_ бұйрығымен. ЕСКЕРТУ. 2.24, 2.25, 2.26, 2.27, 2.28, 2.29, 2.30, 2.31, 2.32, 2.33, 2.34, 2.35, 2.36, 2.37, 2.38, 2.39, 2.40, 2.41, 2.42, 2.43, 2.44, 2.45, 2.46, 2.47, 2.48, 2.49, тармақтары тиісінше 2.25, 2.26, 2.27, 2.28, 2.29, 2.30, 2.31, 2.32, 2.33, 2.34, 2.35, 2.36, 2.37, 2.38, 2.39, 2.40, 2.41, 2.42, 2.43, 2.44, 2.45, 2.46, 2.47, 2.48, 2.49, 2.50 тармақтары болып саналды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.08.11. N 372 V980596_ бұйрығымен. "Есеп айырысулар" N 06 шоты

2.25. Бұл шотта бюджеттің атқарылу процесінде туындаған жергілікті бюджет пен республикалық бюджеттің өзара есеп айырысулары бойынша жасалатын операциялар ескеріледі.

2.26. Өзара есеп айырысулар бойынша төменгі тұрған бюджетке аударылған субвенциялардың сомалары, сондай-ақ жергілікті бюджетке аударылған нақтылы

сомалардағы жалпы мемлекеттік салықтар, олар бойынша проценттермен есептелген тарату көлемі бекітілген бюджетте қарастырылған тарату сомасына сәйкес келмесе де көрініс таппайды.

2.27. Бюджеттер арасындағы өзара есеп айырысуға жататын сомаларды айқындауды және оны өтеу мерзімін белгілеуді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүргізеді.

Бюджеттер арасындағы өзара есеп айырысулардың сомаларына жоғары тұрған қаржы органы N 11-үлгідегі хабарламаны толтырады және оны тиісті қаржы органына жібереді.

Мерзімі жеткенде өзара есеп айырысулар бойынша берешектерді өтеу жоғары тұрған қаржы органының хабарламасына (N 11-үлгі) сәйкес осы айға жататын сомалар шегінде ай ішінде жүргізіледі.

Өзара жағдайлар бойынша барлық есеп айырысулар есепті жылдың 31 желтоқсанына дейін жасалуы керек.

2.28. Бюджеттер арасындағы өзара есеп айырысуларға әкімшілік-аумақтық бөлуді өлшеу кезінде бюджеттер арасындағы өзара есеп айырысулар бөлу актілеріне сәйкес бір бюджеттен екінші бюджетке беруге жататын қаражаттардың сомасына жатады.

Бөлу актісінде бюджеттің шығыстары мен кірістері туралы деректер келтірілген болуы керек, ішінара:

- таратудың контингенттерін, проценттері мен сомаларын көрсете отырып, кірістер бойынша бекітілген және нақтыланған жұмсалымдар, сондай-ақ бюджеттік сыныптамаға сәйкес шығыстар бойынша есепті жылға арналып бекітілген және нақтыланған жұмсалымдар:

- түскен кірістер, бекітілген лимиттер, қаржыландырылу жүргізілген сомалар (есептемені бөліп көрсете отырып) және берілген күнгі кассалық шығыстар;

- бюджеттің атқарылу кезінде туындаған бюджеттер арасындағы есеп айырысулар (алынған және берілген қарыз ақшалар мен қаражаттар, өзара есеп айырысулар), сондай-ақ берудің акт үлгісіндегі басқа реквизиттер (Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1997 жылғы 19 маусымдағы N 180 Б ұ ы ғ ы н а қ о с ы м ш а) .

2.29. Салықтар мен табыстар туралы заңдарды өзгерту салдарынан пайда болған қосымша кірістерді төменгі тұрған бюджеттерден алуға байланысты өзара есеп айырысуға жатқызуға жататын сомалардың көлемі заңдарға сәйкес есептелген тиісті табыс көзі бойынша төменгі тұрған бюджет деректеріне түскен сомалар мен сол есепті жылдың бюджетінде көзделген осы табыс көзі бойынша түсімдердің сомалары арасындағы айырмашылық ретінде айқындалады.

2.30. Қазынашылық департаменті ай сайын бес күндік мерзім ішінде қаржы органдарына өткен ай үшін өзара есеп айырысулар бойынша шоттардан

көшірмелерді қаржы органдарына береді. Қаржы органы көшірмелерді алғаннан кейін өзара есеп айырысулар шоты бойынша жазбалардың дұрыстығын тексеруге және айырмашылық болған жағдайда бұл туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне хабарлауға міндетті.

"Жергілікті бюджеттермен өзара есеп айырысулар"

№ 062 қосалқы шоты

2.31. Бұл қосалқы шотта жергілікті бюджеттермен өзара есеп айырысу жөніндегі операциялар есептеледі.

№ 62 қосалқы шотының дебетіне, атап айтқанда, мыналар жатқызылады:

- өзара есеп айырысу бойынша жергілікті бюджеттерден алынуға тиісті сомалар; "Жергілікті бюджеттерден берілген және алынған қаржылар" № 072 қосалқы шоты кредиттеледі;

- өзара есеп айырысу бойынша борышты өтеу үшін жергілікті бюджеттер аударған сомалар; "Республикалық бюджеттің Қазынашылықтағы қаржылары" 010 қосалқы шоты кредиттеледі;

- республикалық бюджет бойынша ашық лимиттердің сомаларын бюджеттік ұйымдарға оларды республикалық бағыныстан жергілікті бағынысқа дейін.

№ 62 қосалқы шотының кредитіне, атап айтқанда мыналар жатқызылады:

- өзара есеп айырысу бойынша жергілікті бюджеттерге берілуге тиісті сомалар; № 072 қосалқы шот дебеттеледі;

- жергілікті бюджеттерден өзара есеп айырысу бойынша борышты өтеуге түскен сомалар; № 010 қосалқы шот дебеттеледі;

- жергілікті бюджеттерден өзара есеп айырысу бойынша борышты өтеуге аударылған, бірақ есепті айда республикалық бюджеттің есебіне түспеген сомалар; "Жол үстіндегі сомалар" № 19 қосалқы шот дебеттеледі.

№ 062 қосалқы шот бойынша дебеттік қалдық - жергілікті бюджеттердің республикалық бюджетке борышының сомасын, ал кредиттік қалдық - республикалық бюджеттің жергілікті бюджеттерге борышының сомасын көрсетеді.

"Тапсырылған және алынған қаржылар" № 07 шоты

2.32. Осы бөлімнің шоты бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментінде жергілікті бюджеттерге берілетін қаржылар мен жергілікті бюджеттерден алынатын қаржылар есептеледі.

№ 072 "Жергілікті бюджеттерден берілген және

олардан алынатын қаржылар" қосалқы шоты

2.33. N 29 қосалқы шотында республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге берілетін қаржылар, сондай-ақ осы бюджеттерден алынатын қаржылар есепке алынады.

N 072 қосалқы шотының дебетіне өзара есеп айырысу бойынша жергілікті бюджеттерге беруге жататын сомалар жатады; N 062 "Жергілікті бюджеттердің өзара есеп айырысулары" қосалқы шоты кредиттеледі.

N 072 қосалқы шотының кредитіне өзара есеп айырысу бойынша жергілікті бюджеттерден алынатын сомалар жатады; N 062 қосалқы шоты дебеттеледі.

2.34. NN 051, 062, 072 қосалқы шоттары бойынша аналитикалық есеп "Төмен тұрған бюджеттермен есеп айырысулар бойынша айналым ведомосында" (N 21-үлгі) әр бюджет бойынша бөлек жүргізіледі.

N 09 "Нәтижелер" шоты

2.35. Қаржылық жыл аяқталғаннан кейін жылдың есеп берудің алдында барлық баланстық шоттардың деректерінің дұрыстығы тексеріледі.

Бюджеттер және қысқа мерзімді бюджеттік қарыз ақшалардың арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша берешек есептік жылдың аяғына дейін толығымен өтелуі керек. Бюджеттер және қысқа мерзімді қарыз ақшалардың арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша берешектерді бюджеттің атқарылуы нәтижесіне есептен шығаруға жол берілмейді.

Бюджеттің атқарылуының нәтижесіне, сондай-ақ республикалық бюджеттің шығыстарына уақытылы жатқызылған сомалар есептен шығарылмайды. Бұл сомалар алғашында N 020 қосалқы шотына есептен шығарылады.

Бұдан басқа есептік жылдың аяғына қарай банктер ұзақ мерзімді қарыз ақшалар бойынша берешектерді тексеруді жүргізуі керек.

"Республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелері" N 090 шоты

2.36. N 090 қосалқы шоты республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелерін анықтауға арналған. Нәтижелер жыл аяғында N 090 қосалқы шотының кредитіне "Республикалық бюджеттің кірістері" N 040 қосалқы шоты бойынша қалдығын және "Жергілікті бюджеттен алынған және оларға берілген қаржылар" N 072 қосалқы шоты бойынша кредиттік айналымдарды, ал N 090 қосалқы шотының дебетіне - "Бюджет шығыстар" N 020 қосалқы шоты бойынша қалдықтарды және N 072 қосалқы шоты бойынша дебеттік айналымдарды есептен шығару жолымен анықталады.

Н 025 қосалқы шотының кредиттік қалдығы 045 қосалқы шотының дебетіне ж а т қ ы з ы л а д ы .

Н 090 қосалқы шоты бойынша алынған кредиттік қалдық, бюджетке жататын қаржылардың бөлігінде NN 010, 012, 019 қосалқы шоттары бойынша қалдықтарға сәйкес келуі керек республикалық бюджеттің атқарылу нәтижесі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Барлық жазбалар жүргізілгеннен кейін соңғы айналымға дейін және кейін б а л а н с ж а с а л а д ы .

2.37. Жаңа қаржылық жылында бюджеттің бекітуі бойынша Н 090 қосалқы шотынан есептік жылдың шығыстарын жабу үшін жыл басына арналған бюджетте көзделген қалдықтардың сомасы есептен шығарылады, бұл ретте " Бюджет кірістері" Н 040 қосалқы шоты кредиттеледі. Бекітілген бюджетте көзделген айналыстағы кассалық қолма-қол ақша және бюджет қаржыларының бос қалдығы Н 090 қосалқы шотында қалады.

Бюджеттік қаржылардың бос қалдықтары белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаменті деректерінің негізінде жоспарланған жыл ішінде шығыстарды жабуға жіберіледі, Қазынашылық департаментінің Бухгалтерлік есеп және есеп беру басқармасы бұл сомаларды осы айға арналған мөлшерде Н 090 қосалқы шотынан Н 040 қосалқы шотының кредитіне есептен шығарады.

ЕСКЕРТУ. 2.3., 2.4., 2.5., 2.6., 2.7., 2.8., 2.9., 2.10., 2.11.,
2.12., 2.13., 2.14., 2.15., 2.16., 2.17., 2.18., 2.19.,
2.20., 2.21., 2.22., 2.23., 2.24., 2.25., 2.26., 2.27.,
2.28., 2.29., 2.30., 2.31., 2.32., 2.33.-тармақтары 2.6.,
2.7., 2.8., 2.9., 2.107., 2.11., 2.12., 2.13., 2.14., 2.15.,
2.16., 2.17., 2.18., 2.19., 2.20., 2.21., 2.22., 2.23.,
2.24., 2.25., 2.26., 2.27., 2.28., 2.29., 2.30., 2.31.,
2.32., 2.33., 2.34., 2.35., 2.36.-тармақтары болып саналды -
ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің
1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен.

" Қ о р л а р " 2 8 ш о т
"Депозиттерге жатқызылатын салымдар үшін
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бюджетінің тартылған
және орналастырылған қаражаттарының қоры"
N 280 қосалқы шоты

2.38. N 280 қосалқы шот депозиттерге жатқызылатын салымдарға орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бюджетінің уақытша

бос қаражаттарын жинақтауға арналған. Уақытша бос қаражаттар түскен кезде N 280 қосалқы шот кредитіне жазба жүргізіледі. Салым сомаларын Бірыңғай қазынашылық шотқа және облыстық (Алматы қалалық) қазынашылық басқармаларының коршоттарына қайтарған кезде N 280 қосалқы шотының дебетіне жазба жүргізіледі. ЕСКЕРТУ. 2-бөлім 2.37.-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен. Баланстан тысқары шоттар Баланстан тысқары қосалқы шоттарда есеп екі рет жазу әдісін сақтамай, қарапайым жүйе бойынша жүргізіледі және тек қана дебеттік қалдығы болады. "Өзара берешектерді өтеу туралы келісімге сәйкес есепке алуды жүргізу жөніндегі шығыстарға арналған ашық лимиттер" баланстан тысқары қосалқы шоты 2.39. Бұл қосалқы шотында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына сәйкес өзара есепке алуды жүргізу жөніндегі шығыстарға арналған ашық лимиттердің есебі жүргізіледі. N 132 "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыртқы борышы" N 131 баланстан тысқары қосалқы шоты 2.40. N 132 қосалқы шотында кредиттеуді және борыштарды аналитикалық есептеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаменті деректерінің негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыртқы борыштарының есебі жүргізіледі. "Ұлттық банктің бюджет тапшылығымен берілетін кредиттері" N 133 баланстан тысқары шоты 2.41. N 133 қосалқы шотында келісімдер және мерзімінен бұрын берілген міндеттемелер бойынша тапшылықты жабуға арналған бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі кредиттерінің есебі жүргізіледі. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті арқылы төленетін шығыстарға арналған ашық лимиттер" N 134 баланстан тысқары шоты 2.42. N 134 қосалқы шотында Қазынашылық департаментінің Республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі басқармасы берген қазынашылық рұқсаттардың (1-үлгі) негізінде министрліктерге (ведомостарға) ашық лимиттерді есептеу жүргізіледі. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ішкі борышы" N 135 баланстан тысқары шоты 2.43. N 135 қосалқы шотында кредиттердің және борыштардың аналитикалық есебін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаменті деректерінің негізінде мемлекеттік ішкі борыш сомасының есебі жүргізіледі. "Үкіметтік резерв" N 136 баланстан тысқары шоты 2.44. N 136 қосалқы шотында үкіметтік (бюджеттік) резерв бойынша деректердің есебі жүргізіледі. "Бюджеттік қарыз ақшалар бойынша субъектілердің республикалық бюджетке берешегі" N 137 баланстан тысқары шоты 2.45. N 137 қосалқы шотында бюджеттік қарыз ақшалардың аналитикалық есебін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджет департаменті қорытындысының негізінде субъектілердің республикалық бюджеті бойынша

берешегінің есебі жүргізіледі. "Москва қаласының "Менатеп" банкіндегі республикалық бюджеттің кепілдік берілген депозиті" N 138 баланстан тысқары шоты 2.46. N 138 қосалқы шотында жасасқан үкіметтік келісімнің негізінде Москва қаласының "Менатеп" банкіндегі республикалық бюджет депозиті сомасының есебі жүргізіледі. "Республикалық бюджет (қайтарым негізінде берілген бюджеттік қаржылар) есебінен кредиттер" N 139 баланстан тысқары шоты 2.47. N 139 қосалқы шотында республикалық бюджеттен қайтарым негізінде берілген кредиттердің және борыштардың аналитикалық есебін жүзеге асыратын Қаржы министрлігінің тиісті бөлімшелерінің деректерінің негізінде несие алушыларға бөлініп есептеледі. "Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасының Үкіметіне берген несиесі" N 140 баланстан тысқары шоты 2.48. N 140 қосалқы шотында үкімет аралық келісім бойынша Қазақстан Үкіметіне берілген несиелер есепке алынады. ЕСКЕРТУ. 2.34., 2.35., 2.36., 2.37., 2.38., 2.39., 2.40., 2.41., 2.42., 2.43-тармақтары 2.38., 2.39., 2.40., 2.41., 2.42., 2.43., 2.44., 2.45., 2.46., 2.47.-тармақтары болып саналды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен. "Мемлекеттік бағалы қағаздармен қамтамасыз етілген депозиттермен берілген банктердің борыштық міндеттемелері (кепілдіктері)" N 141 баланстан тысқары шоты 2.49. N 141 қосалқы шотта Кепілдік шарты бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне берілетін міндеттемелерді (кепілдіктерді) қамтамасыз ету үшін қабылданған мемлекеттік бағалы қағаздардың есебі жүргізіледі. ЕСКЕРТУ. 2-бөлім 2.48.-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен. "Бос айырбасталымды валютамен қамтамасыз етілген депозитпен берілген банктердің борыштық міндеттемелері (кепілдіктері)" N 142 баланстан тысқары шоты 2.50. N 142 қосалқы шотта Кепілдік шарты бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне берілетін міндеттемелерді (кепілдіктерді) қамтамасыз ету үшін қабылданған бос айырбасталымды валюталардың есебі жүргізіледі. Есеп валюта түрлері бойынша жүргізіледі. ЕСКЕРТУ. 2-бөлім 2.49.-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен. Баланстағы "Республикалық бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін қаражаттарды мемлекеттік қарыз алу" N 153 қосалқы шоты 2.51. 153 Қосалқы шотында бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін заңды және жеке тұлғалардан қарызға алған қаражаттарды есепке алу жүргізіледі. ЕСКЕРТУ. Нұсқаулық 2.51.-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің 1998.08.11. N 372 V980596_ бұйрығымен. 3. Бухгалтерлік есептің тізімдемесіндегі жазбалар

										Мерзімі Мемориал.		Мемориал.	
Қосалқы шоттар бойынша айналымдар										айы дық ордер. дық ордер			
										күні дің нөмірі бойынша		N 010 шот N 012	
шот N 014 шот N 015 шот				сомасы									
				дебет кре. дебет кре. дебет кре. дебет кре.				дит		дит		дит	
(оң жақ)													
										N 016 шот N 017 шот N 018			
шот N 019 шот N 020 шот													
				дебет кре. дебет кре. дебет кре. дебет кре.		дит		дит		дит		дит	
(сол жақ)													
Қосалқы шоттар бойынша айналым													

N	Облыстың	Барлығы	p/p
---	----------	---------	-----

120 шот 181 шот											
жыл басынан бері ағымдағы күн үшін жыл басынан бері ағымдағы күн үшін											
дебет кредит дебет кредит дебет кредит дебет кредит											

Y l g i

[illegible]

Жыл бойына барлығы _____
 06 шоты-Өзара есеп айырысу | 07 шоты-Берілген қаржылар | _____
 | есепті | ай | 199 ж | жыл |

_____ қаңтар | ақпан | наурыз | _____
_____ | _____ | банк | жалақы | банк | жалақы | банк | жалақы
| арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек | _____
| _____ | _____ | _____ | _____ | _____ | _____

Қаржы | Жылға | 1 жылғы факт | 2 тоқсан | | органының | арналған | _____
_____ | _____ | атауы | жоспар | банк | жалақы | банк |
жалақы | | | арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек | _____ | _____
_____ | _____ | _____ | _____ |

Жиыны _____

_____ сәуір | мамыр | маусым | _____
_____ | _____ | банк | жалақы | банк | жалақы | банк | жалақы
| арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек | _____
| _____ | _____ | _____ | _____ | _____ | _____

Қаржы | Жылға | 1 жылғы факт | 3 тоқсан | | органының | арналған | _____
_____ | _____ | атауы | жоспар | банк | жалақы | банк |
жалақы | | | арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек | _____ | _____
_____ | _____ | _____ | _____ |

Жиыны _____

_____ шілде | тамыз | қыркүйек | _____
_____ | _____ | банк | жалақы | банк | жалақы | банк |
жалақы | арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек
| _____ | _____ | _____ | _____ | _____ | _____

_____ | Қаржы | Жылға | 1 жылғы факт | 4 тоқсан | | органының | арналған | _____
_____ | _____ | атауы | жоспар | банк | жалақы |
банк | жалақы | | | арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек | | _____
| _____ | _____ | _____ | _____ |

..... Жиыны _____

_____ қазан | қараша | желтоқсан | _____
_____ | _____ | банк | жалақы | банк | жалақы | банк |
жалақы | арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек | арқылы | б/ша берешек
| _____ | _____ | _____ | _____ | _____ | _____

Бух. есеп және есеп беру басқармасының бастығы _____ (қолы) Бух. есеп
бөлімінің бастығы _____ (қолы) 10-қосымша ЕСКЕРТУ. Нұсқаулық жаңа
10-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық
департаментінің 1998.05.28. N 254 V980084_ бұйрығымен. 24-нысан
Депозиттерге жатқызылған салымдар үшін тартылған Мемлекеттік бюджеттің

[illegible]

[illegible]

[illegible]

